

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ РӨЛІ

Мұсағалиев Нұржол Мырзабекұлы

nurzhol.musagaliev@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті
Аймақтану кафедрасының 1 курс магистранті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қилыбаева П.Қ.

Анотация. Мақалада жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін реттеудегі халықаралық институттардың рөлін анықтау, жаһандық азық-түлік қауіпсіздігінің тәуекелдерін төмендету шараларын саралау болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымының азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының халықаралық қызметінің негізгі ерекшеліктері қарастырылады. Ұйымның келіссөздер жұмысының негізгі тетіктері, оның бағыты атап өтілді және азық-түлік қауіпсіздігінің тәуекелдерін азайту жөніндегі халықаралық институттардың экономикалық және ауылшаруашылық саясаты.

Түйінді сөздер. Азық-түлік қауіпсіздігі, жаһандық мәселе, БҰҰ азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы, аштық, кедейшілік

Кіріспе. XXI ғасырдың бірінші ширегінде әлемдік қоғамдастық бетпе-бет келіп отырған жаһандық проблемаларды қарауға және олардың шешімдерін іздеуге көп көңіл бөлінуде. 2000 жылғы мыңжылдық саммитінде қойылған жаһандық міндеттерді жүзеге асыру бойынша 2015 жылы қорытындылар шығарылғаннан кейін БҰҰ-ға мүше елдер 2030 жылға дейін, әсіресе аштық проблемасын шешу бойынша жаңа міндеттемелер қабылдады.

ФАО құжаттарында атап өтілгендей, «азық-түлік және ауыл шаруашылығы 2030 жылға қарай тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуде, әсіресе аштық пен кедейшілікті жою мәселелерінде; жер бетіндегі барлық адамдарды тұтастыратыназық - түлік жүйелеріне түбегейлі өзгерістер енгізу; әлемнің экожүйелерін қорғау және табиғи ресурстарды сақтау; климаттың өзгеруіне және оның салдарына қарсы күрес; «инклюзивті, әділетті және бейбіт қоғамдар» құруда шешуші рөл атқарады [1].

Азық-түлік мәселесін қарастыра отырып, оның басқа да көптеген жаһандық проблемалармен (мысалы, қоршаған ортаны қорғау, білім беру, жаһандық денсаулық сақтау және т.б.) тығыз байланысымен анықталатын оның кешенді сипатын атап өткен жөн. БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелері азық-түлік мәселесін және оның әртүрлі аспектілерін шешуде ерекше рөл атқарады. Атап айтқанда, БҰҰ азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы (ФАО) әлемнің әртүрлі аймақтарындағы аштық мәселелерін шешу үшін арнайы құрылған. ФАО құрамында 197 мүше бар: 194 мүше-мемлекеттер, 1 мүше-ұйым (Еуропа одағы) және 2 ассоциацияланған мүше. ФАО басшысы Цюй Дунъюй 2019 жылы Мәскеуде өткен аграрлық форумда атап өткендей, қазіргі уақытта әлемдік ауқымда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберінде адамзат алдында тұрған міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін тиімді саясат қағидаттарын қалыптастыру қажет [2].

Азық-түлікпен қамтамасыз етудің тұрақтылығы әлемдік дамудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені азық-түлікпен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі және рационның теңгерілмегендігі денсаулыққа, өмір сүру ұзақтығына, физикалық және интеллектуалдық дамуға және бейімделу қабілетіне теріс әсер етеді. БҰҰ-ның азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының бағалауы бойынша әлемде 850 миллионнан астам адам немесе бүкіл халықтың 13% - ы үнемі асқа жарымағандықтан зардап шегеді. Тамаққа

жарымаудың жоғары көрсеткіші дамушы елдерде байқалды, ол халықтың 15% - ынан асады, 2 миллиардтан астам адам дәрумендер мен минералдардың жеткіліксіз мөлшерін тұтынады. Халық санының өсуі, табиғи апаттар, саяси қақтығыстар азық-түлік дағдарыстарының шиеленісуіне, азық-түлік бағасының күрт өсуіне және халықтың нақты табысының төмендеуіне ықпал етеді. Коронавирустық пандемия жағдайында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қаупі мен қатері артты, аштық проблемасы шиеленісуде. Өйткені көптеген азық-түлік импорттаушы елдер азық-түлік тапшылығына тап болады, себебі бұның бәрі экспорттаушы елдердің азық-түлік саясатын қайта қарауы және ұлттық азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізу үшін азық-түлік экспортынан бас тартуына негізделді. Коронавирустық пандемия-бұл бүкіл әлемдегі миллиондаған адамдардың, ең алдымен қақтығыс аймақтарындағы ашаршылыққа әкелетін жаһандық гуманитарлық апат. БҰҰ-ның бағалауы бойынша, ең жаманыосы оқиғалар кезінде аштық проблемасы 30 елде шиеленісіп, 265 млн. адам зардап шегеді. Әлемдік деңгейде жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі проблемаларын шешу халықаралық институттардың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Халықаралық экономикалық саясаттың тиімділігі, ең алдымен, жаһандық азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейімен анықталады, халықаралық институттар осы саладағы тәуекелдерді азайту үшін басқару, ұйымдастыру және инвестициялық ресурстарды жинақтай алатын тиімді тетіктер болып табылады.

ФАО көпжақты дипломатиясының ерекшеліктері

Азық-түлік қауіпсіздігі - бұл азық-түліктің болуы және жеке тұлғалардың оған қол жеткізу қабілетінің көрсеткіші. Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі комитетінің мәліметтері бойынша, азық-түлік қауіпсіздігі барлық уақытта адамдардың белсенді және салауатты өмір сүру үшін олардың тағамдық талғамына және қажеттіліктеріне жауап беретін жеткілікті және қауіпсіз тамақтануға физикалық, әлеуметтік және экономикалық қол жетімділігі.

Әлемнің тез өсіп келе жатырған халқың азық-түлікпен қамтамасыз ету қазірдің өзінде ауылшаруашылық саласына тартылған қауымдастықтар мен мүдделі тараптар үшін үлкен проблемаға айналды. Әлем халқының қарқынды өсу жағдайында, әсіресе дамушы елдерде, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету инновациялық шешімдер мен технологияларды қажет етеді. Сонымен қатар, климаттың өзгеруі қазірдің өзінде ауыл шаруашылық пен азық-түлік қауіпсіздігіне әсер етеді және шұғыл шаралар қолданбай миллиондаған адамдарды аштық пен азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төндіреді.

Азық-түлік қауіпсіздігі мемлекеттің аграрлық және экономикалық саясатының басты мақсаттарының бірі болып табылады. Жалпы алғанда, ол кез-келген ұлттық азық-түлік жүйесінің идеалды күйге қозғалыс векторын құрайды. Бұл тұрғыда азық-түлік қауіпсіздігіне ұмтылу үздіксіз процесс болып табылады. Сонымен қатар, оған қол жеткізу үшін көбінесе даму басымдықтары мен аграрлық саясатты іске асыру тетіктерін өзгерту қажет [3].

Тәуелсіз ішкі және сыртқы саясат жүргізгісі келетін кез-келген мемлекет, ең алдымен, азық-түліктің жеткілікті мөлшерін, олардың салыстырмалы түрде тұрақты жеткізілімін және азық-түліктің қол жетімділігін білдіретін азық-түлік қауіпсіздігіне қамқорлық жасауы керек. Азық-түлік қауіпсіздігі өзінің маңыздылығы бойынша адамның өмір сүруіне кепілдік беретін физикалық қауіпсіздікке теңестіріледі, себебі тамақ адамның алғашқы өмірлік қажеттіліктерін білдіреді, оны қанағаттандырусыз оның өмірі мүмкін емес. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті әлемнің көптеген елдерінде мемлекеттік саясаттың басымдығы ретінде танылған. Қысқа мерзімде осы саладағы бақылауды жоғалту тәуелсіздікті жоғалтуға әкелуі мүмкін, басқа мемлекеттер тарапынан қаржылық, экономикалық және саяси қысымға қатысты тәуелділікке әкеледі.

Азық-түлікпен қамтамасыз ету дәрежесі бойынша әлемнің барлық елдерін 3 топқа бөлуге болады: Жоғары қамтамасыз етілген; орта қамтамасыз етілген; аз қамтамасыз

етілген. Бірінші топқа АҚШ, Канада, Жапония, Австралия, Батыс Еуропа елдері және т.б. кіреді. Екінші топта Үндістан, Қытай, Шығыс Еуропа елдері, Африка мен Оңтүстік Американың кейбір мемлекеттері. Халықтың көп бөлігі қалыпты тамақтану рационасына ие. Негізінен, Африка мен Азия елдерін қамтитын үшінші топ үнемі азық-түліктің жетіспеушілігін сезінеді, ал халықтың көп бөлігі қалыпты тамақтанбайды немесе аштыққа ұшырайды.

ФАО азық-түлік дипломатиясы алуан түрлі әдістер: көпжақты келіссөздер, саммиттер мен конференциялар ұйымдастыру, үкіметтік агенттер, бизнес - бірлескен қоғам, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар арасында өзара іс-қимыл мен іскерлік байланыстар орнату арқылы азық-түлік қауіпсіздігін нығайту ісінде маңызды құрал болып табылады. Ұйым қамтылған акторлардың өзара іс-қимылында байланыстырушы және үйлестіруші рөл атқарады. ФАО мұқтаж елдер мен әлеуетті инвесторлар арасында байланыс орнату үшін делдал ретінде әрекет етеді. Бұдан басқа, ФАО тек мемлекеттердің ғана емес, басқа да мүдделі акторлардың қатысуын көздейтін көпжақты негізде келіссөздер жүргізеді. Сарапшылар «конференциялық дипломатия» ретінде айқындайтын ФАО дипломатиясының ерекшеліктері туралы айта отырып, осы құрылым шеңберіндегі қандай да бір мәселелер бойынша тараптардың ұстанымдарын келісудің негізгі нысаны саммиттер мен конференциялар болып табылатынын, ал консенсус ережесі шешімдер қабылдаудың әмбебап тәсілі болып табылатынын атап өту қажет. Сондай-ақ, ФАО дипломатиясының негізгі ерекшелігі-жергілікті деңгейдегі қызмет.

Мемлекеттің немесе оның өңірінің азық-түлік тәуелсіздігіне қол жеткізуінің аса маңызды шарттарының бірі - ішкі және сыртқы қатерлерге қарамастан халықты тұрақты азықтүлікпен қамтамасыз ету болып табылады [4]. Біріккен Ұлттар Ұйымы әлемде болып жатырған азық-түлік мәселесін шешуге тырысуда. Бұл мәселені реттеуде Біріккен Ұлттар Ұйымының азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы (ФАО) құрылған болатын. Оның негізгі міндеті аштықпен күрес болып табылады. ФАО дамыған және дамушы елдердің азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы саяси шешімдерді тең талқылап, бейтарап форум ретінде әрекет етеді. Сонымен қатар, ФАО білім және ақпарат көзі ретінде қызмет етеді және дамушы елдерге ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және балық шаруашылығы салаларындағы тәжірибелерін жетілдіруге көмектеседі, барлығына дұрыс тамақтану мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тырысады.

ФАО-ның 1945 жылғы жарғысында ұйым қызметінің мақсаттары мен бағыттары айқындалған. Біріншісіне мыналар жатады: ауылдық аудандардың дамуына жәрдемдесу, ауыл халқының өмір сүру деңгейін арттыру, адамдардың тамақтануын жақсарту және аштықты жою, ауыл шаруашылыққа капитал салуға жәрдемдесу, технологияларды дамушы елдерге беру және ауыл шаруашылық зерттеулерінің дамуына жәрдемдесу, ресурстарды дамытуға техникалық көмек көрсету және т.б. Екіншіден, ФАО мүшелерінің ауыл шаруашылық саласындағы жоспарлау саясаты мәселелері бойынша үкіметтерге консультациялық көмек көрсетуге және даму қажеттіліктерін қанағаттандыру жөнінде қызметтер көрсетуге, БҰҰ-ның даму жөніндегі бағдарламасымен бірлесіп, техникалық ынтымақтастық бағдарламаларын жүзеге асыруға және ауылдық аудандардың үкіметтері мен тұрғындарына көмек көрсетуге, мүше елдер үшін техникалық көмекті қамтамасыз ету тетігінің функцияларын орындауға бағытталған тұрақты бағдарламаларды қаржыландыруы, ұлттық үкіметтермен және басқа да ұйымдармен ынтымақтастықта, инвестициялық жобалар мен даму бағдарламаларын әзірлеуге атсалысуда [5]. Азық-түлік өндірісін дамытудың осы стратегиялық бағыттарын әзірлеу және іске асыру үшін ұйымның қызмет саласына кіретін мәселелер бойынша халықаралық конференцияларды ұйымдастыру және өткізу маңызды.

ФАО бастамасымен шақырылған азық-түлік мәселесі бойынша бірінші дүниежүзілік конференция 1974 жылы Римде өтті. Конференцияның шақырылуына 1972-1974 жылдардағы әлемдік астық дағдарысы негіз болды, конференция қорытындысы бойынша қабылданған аштық пен тамақтанбауды жою туралы жалпыға бірдей декларацияда «әлем халықтарының алауқаты көбінесе саяси және экономикалық жағдайға қарамастан, кез-келген уақытта азықтүліктің тиісті болуын қамтамасыз ететін Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі жүйесін құруға байланысты» деп атап өтілді. Сондай-ақ декларацияда "мемлекеттердің ішкі істерге араласпау, құқықтар теңдігін және ұлттық тәуелсіздік пен егемендікті құрметтеуді қамтамасыз ету қағидаттарын сақтай отырып, барынша толық ынтымақтастығы" көзделген. Конференция барысында, БҰҰ Бас Ассамблеясы мақұлдаған әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық міндеттемелер түрінде ресімделген азықтүлік проблемасын шешудің кейбір бағыттары айқындалды. БҰҰ БА-ның 1974 жылғы қарарында төрт басым бағытты іске асыру қарастырылған:

ұлттық азық-түлік резервтерін құру және оларды халықаралық деңгейде үйлестіру; - дамушы елдерде азық-түлік өндірісін ұлғайту мақсатында, экономикалық көмек көрсету;

азық-түлік тауарларын өндіру және сату мәселелері бойынша жаһандық ақпараттық жүйе құру;

әлемдік азық түлік қауіпсіздігі мәселелері бойынша тұрақты үкіметаралық консултацияларды қамтамасыз ету [6].

Олардың маңыздылығын атап көрсете отырып, халықаралық қауымдастық өзара тәуелділік факторларын және жаһандық жалпы адамзаттық проблеманың болуын ескере отырып, осы құжатты қабылдау арқылы Дүниежүзілік азық-түлік проблемасын шешуге бағытталған бірлескен нақты іс-қимылдардың қажеттілігін мойындағанын білдіреді. Осылайша, 1974 жылғы БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарында алғаш рет мемлекеттердің мінезқұлқының қатаң ережелері жасалды, онда шегінуге жол бермейтін категориялық ережелер бар, бірақ осы халықаралық органның шешімдерінің табиғатының ерекшелігіне байланысты заңды күші жоқ. Қарарда орын алған халықаралық құқық субъектілерінің еркін келісу, ұсынымның шеңберінен шықпаса да, олардың бүкіл мемлекеттердің азық-түлікпен қамтамасыз етудің Дүниежүзілік проблемасын шешудегі тиісті біркелкі мінез-құлқына ортақ мүдделілігін білдіреді [7].

Дүниежүзілік азық-түлік конференциясы шешімдерінің және әлемдік қоғамдастық міндеттемелерінің орындалуын бақылау ФАО-ға жүктелді. Әлемдік қоғамдастық қабылдаған шаралар азық-түлік жағдайының белгілі бір жақсаруына әкелді: 1980, 1995 және 1999 жылдары азық-түлік көмегін көрсету туралы конвенция және астық жөніндегі халықаралық келісім қайта қаралды. Нәтижесінде, азық-түлік көмегін көрсету бойынша донор елдердің міндеттемелерінің ең төменгі мөлшерінің 2 еседен астам артуы болды, ФАО инвестициялық орталығы арқылы ұйым мүшелерінің экономикасына 2,5 мыңнан астам далалық жобаларды жүзеге асыру үшін шамамен, 10 млрд доллар инвестицияланды. БҰҰ-ның болжамдарына сәйкес, 2050 жылға қарай әлем халқы шамамен 2,5 миллиард адамға артады, бұл өсімнің көп бөлігі дамушы елдерге түседі. Өсімнің көп бөлігі халықтың жартысын құрайтын жастарға тиесілі болады. Сонымен қатар, жастар азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешуде маңызды рөл атқарады. Бұл жастарды азық-түлік қауіпсіздігі және тамақтану орталығына қояды [8].

Қақтығыстар бүгінде жаһандық аштыққа әкелетін маңызды фактор ретінде ерекшеленеді. Азық-түлік тапшылығы бар адамдардың 60% - дан астамы қақтығыс аймақтарында тұрады. Жанжал адамдарды жергілікті тұрмысынан айырып, пана іздеуді мәжбүр етеді. Сонымен қатар, қауымдастықтарды бөледі және тұрақсыз жағдайлардың әсерінен, фермерлердің ұзақ мерзімді ауылшаруашылық стратегиясынан бас тартуға мәжбүр етеді.

Климаттың өзгеруі де азық түлік қауіпсіздігінің төмендеуіне әкелетін негізгі факторлардың бірі. Көптеген жылдар бойы болған тоқыраудан кейін, әлемде аштықтың саны 2015 жылдан 2018 жылға дейін шамамен 40 миллион адамға өсті, ең үлкен өсім Сахараның шығысындағы, Африканың құрғақшылығынан зардап шеккен елдерге тиесілі. Табиғи апаттардың жиілігі мен ауырлығының артуы, кейбір аймақтарда дақылдардың өнімділігін жойып, ауылшарушылық саласына үлкен нұқсан келтіріп, қауымдастықтарға қол жетімді азық-түлік мөлшері мен сапасын шектеді [9].

БҰҰ мәліметтері бойынша, 2050 жылға қарай әлем халқы шамамен 10 миллиард адамды құрайды. Халық саны өсіп келе жатқанда, азық-түлік өндірісі мен азық-түлік қол жетімділігі осыған сәйкес өсуі керек. Өкінішке қарай, демографиялық өрлеуден өткен елдерде азық-түлік өндіруге қажетті ресурстар бөлу кезінде тапшы болуы мүмкін, бұл азық-түлік қауіпсіздігінің болмауына әкеледі.

Адам денсаулығына, қоршаған ортаға және экономикаға тікелей байланысты ауылшаруашылық және тамақ өндірісі елдер мен әртүрлі халықаралық ұйымдар қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Тамақ өндірісі адамның денсаулығына, қоршаған ортаға және экономикаға тікелей байланысты. Бүкіл әлем азық-түлік қауіпсіздігі мен азықтүлікті қамтамасыз ету саласындағы әртүрлі стратегияларды анықтау кезінде, бұл мәселелерді өзінің құқықтық нормалары мен саясатына біріктіреді.

2021 жылдың 23 қыркүйегінде алғаш рет БҰҰ әлем көшбасшыларын жинап, өсіп келе жатырған әлем халқы үшін пайдалы тамақ өндірудің жаңа тәсілдерін табуға тырысатын азықтүлік саммитін өткізді. Бақылаушылар Нью-Йорктегі БҰҰ Бас Ассамблеясы кезінде өткізілген іс-шарада, тұрақты өндіріс пен тамақ тұтынудың жаңа дәуірінің басталуын білдіреді деп үміттенеді.

Нью-Йорктегі БҰҰ Бас Ассамблеясының жыл сайынғы жоғары деңгейдегі іс-шаралар апталығы барысында өткізілген саммитке әлемдік көшбасшылар, сарапшылар, фермерлер мен өндірушілер, байырғы халықтар, жеке сектор мен азаматтық қоғамның өкілдері қатысып, аграрлық азық-түлік тауарларын өндіру мен тұтынуды БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына (ТДМ) сәйкес келтірудің неғұрлым жан-жақты әрекеттерінің біріне күш біріктірді. Саммит жұмысына үлес ретінде диалогтар өткізіліп, өздерінің ұлттық міндеттемелерін тұжырымдады. Саммиттің соңғы сессиясының «Нью-Йорктен Римге оралу» ұранын айта отырып, ФАО Римдегі туыстық мекемелермен және БҰҰ жүйесімен, сондай-ақ азық-түлік жүйелері Саммитін дайындауға және өткізуге қатысқан өндірушілер, байырғы халықтар, азаматтық қоғам және академиктер арасындағы көптеген серіктестермен тығыз жұмыс істейтіні айтылды. Аграрлық азық-түлік жүйелерін қайта құру жөніндегі алға қойылған бастамалар барлық мүдделі тараптардың игілігі үшін іске асырылуы үшін бар күшімізді салу керектігі айтылды. Рим қаласында шілде айында, ФАО штаб-пәтерінде болған алдын ала отырыс саммиті қиын сәтте өтті. «Азық-түлік қауіпсіздігі және әлемдегі тамақтану саласындағы жағдай (СОФИ)» соңғы есебі бойынша, 2020 жылы аштықта өмір сүріп келе жатырған адамдар саны 811 миллион жетіп, соңғы бес жылда аштық саны өсуін көрсетті. 3 миллиардтан астам адам әлі де дұрыс тамақтануға қол жеткізе алмауда. Сонымен қатар, COVID-19 пандемиясының денсаулық сақтау, әлеуметтік және экономикалық салаларға әсері азық-түлік қауіпсіздігі деңгейінің одан әрі төмендеуіне және халықтың ең осал топтарының тамақтану мәртебесінің нашарлауына әкелуі мүмкіндігі айтылды.

БҰҰ Азық-түлік жүйелері жөніндегі саммитінің шешімдерін іске асыру туралы айта келе, ФАО Бас директоры Цюй Дунъюй ұйымның «ғылым мен саясаттың өзара іс-қимылын нығайтуға ерекше назар аударатынын» атап өтті. Ол сондай-ақ, инвестиция көлемін ұлғайту және барынша атаулы сипат пен тұрақтылықты қамтамасыз ету қажеттігін айтқан болатын [10]. ФАО бағалауы бойынша, аштықты жою үшін 2030 жылға қарай, мақсатты іс-шараларға жыл сайын 40-тан 50 млрд АҚШ долларына дейінгі мөлшерде инвестициялар қажет. Қазіргі

таңда, жүздеген миллион адамды аштықтан құтқаруға көмектесетін көптеген арзан және жоғары тиімді жобалар бар, оларды тиімді қолдану қажет.

ФАО азық-түлік дипломатиясы қарапайым қаржылық инвестициялар арқылы елдердегі азық-түлік мәселелерін шешуге болатындығын дәлелдеді. Ұйымның дипломатиясы жаһандық және жергілікті деңгейде өзара іс-қимылдың тиімді шарасы болып табылады және оның әдістері құрылғаннан бері сөзсіз дамып келеді. Алайда, ФАО-ға өз міндеттерін орындау үшін серіктестік пен басқа ұйымдардың қолдауы қажет.

Қорытынды

ФАО-ның қызметі жыл сайын айқын болып келеді және ұйымның беделі және қоғамдық пікір артып келеді. ФАО аясында ауыл шаруашылығын ынталандыруға және азықтүлік проблемасын шешуге бағытталған бірқатар саммиттер мен конференциялар өткізілуде. ФАО жүргізген келіссөздерінде қалай болса да ымыраға келуге бағытталғанын атап өтуге болады, өйткені кез-келген азық-түлік мәселесін шешуге ынталы. Бұл әсіресе азаматтық соғыстар мен этносаралық қақтығыстар жүріп жатқан аймақтардағы азық-түлік проблемаларын реттеу кезінде өте маңызды, өйткені қақтығыстарды мүмкіндігінше тез тоқтату керек, өйткені олар (тікелей және жанама) азық-түлік қауіпсіздігіне айтарлықтай кері әсер етеді.

Келіссөздер халықаралық ұйымның қамқорлығымен өткен жағдайда, оның өкілі маңызды орын алады, мұнда БҰҰ Бас хатшысының ерекше рөлін атап өту қажет. ФАО штабпәтеріндегі Бас хатшының алғашқы сапары кезіндегі екіжақты кездесуде ФАО бас директоры Грациану да Силва Гутерришке көптеген елдерде әлі нақты көмектің жоқтығы (олардың көпшілігі Африка мен Таяу Шығыстың проблемалық аймақтарында орналасқан) азық-түлік қауіпсіздігі негізгі факторлардың бірі екенін айтты. Да Силва Гутерришке «нөлдік аштық» бағдарламасын [11] орындауға деген бейілділігі үшін, атап айтқанда қақтығыстарынан туындаған мәселелерді шешкені үшін алғыс білдірді.

Қорытындылай келе, азық-түлік қауіпсіздігі қазіргі таңда, кез-келген мемлекеттің экономикасы мен саясатын құрайтын маңызды фактор болып табылады. Азық-түлік саясатын ауыл шаруашылық өндірісін қарқынды дамыту, өнімді сақтау және қайта өңдеу, сыртқы сауда, азық-түлік нарығын реттеу, ауылды әлеуметтік дамыту міндеттерін тиімді шешу жөніндегі шаралар кешені ретінде қарау керек. Ол аграрлық-өнеркәсіптік кешен және Ұлттық экономика қызметінің жекелеген түрлерінің басымдықтары мен өсу нүктелерін айқындайды. Кәсіптің, өңірлердің және жалпы елдің бәсекеге қабілеттілігі соған байланысты. Егер мемлекет азық-түлік қауіпсіздігіне ие болмаса, онда ол экономикалық тұрғыдан тұрақты бола алмайды және прогрессивті даму перспективаларына ие бола алмайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Поддержка политики и управления /ФАО. <https://www.fao.org/policy-support/ru/>
2. На аграрном форуме в Москве глава ФАО подчеркнул ключевую роль «зеленого» сельского хозяйства в обеспечении устойчивого развития / Новости ФАО.
3. <http://www.fao.org/russian-federation/news/detail-events/ru/c/1238235/>
4. Колесняк А.А., Полянская Н.М., Колесняк И.А. Продовольственная безопасность и продовольственное обеспечение: понятие и оценка. // Известия Юго-Западного государственного университета. Серия: Экономика. Социология. Менеджмент, 2018, 8 (3), с.161–170.
5. Воитлева З.А. Роль сельского хозяйства в обеспечении продовольственной безопасности // Известия УрГЭУ / 5(37) – 2011, с.177-181

6. Назаренко В.И. Продовольственная безопасность (в мире и в России). // М.: Памятники исторической мысли, 2011. с.286
7. Состояние рынков сельскохозяйственной продукции. Высокие цены на продовольствие и продовольственный кризис - накопленный опыт и извлеченные уроки. 2009. ФАО, 2009. С. 23. 7. Семиханова, О.Н. Основные направления развития сельскохозяйственного предприятия на инновационной основе // О.Н. Семиханова, С.Ю. Петрякова // Инновационная наука. – 2015. – № 3. – С. 183 – 185.
8. Богданов С. М. Региональная интеграция и продовольственная безопасность. // -М.: Весь Мир, 2013. — 320 с.
9. Кулик Г.В. Продовольственная безопасность: От зависимости к самостоятельности. // -М.: Новые решения, 2017. — 146 с
10. Саммит по продовольственным системам. "Из Нью Йорка обратно в Рим": ФАО возглавит деятельность по претворению в жизнь принятых решений <https://www.fao.org/news/story/en/item/1440888/icode/>
11. Генеральный директор ФАО и Генеральный секретарь ООН заявили, что поддержание мира является основным условием для достижения цели «Нулевого голода». <https://www.fao.org/director-general/former-dg/directorgeneral/newsroom/news/detail/ru/c/1107527/>

ӘӨЖ 325.14

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТАҒЫ МИГРАЦИЯЛЫҚ АХУАЛ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Мұратхан Айдана Нұрланқызы

aidanamuratkhana@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті, Аймақтану мамандығының 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Даркенов

Қазіргі таңда миграциялық үрдістер халықаралық қатынастардың ажырамас бір бөлігі ретінде қарастырылып, жаһандық сипат алуда. Оның негізгі белгісі ретінде бір елдің аумағына екінші бір елге өтуі болып табылады. XX ғасырдан бастап миграция жедел түрде дами бастады және оған себеп болатын бірнеше факторлар қалыптасты: діни, саяси, әлеуметтік пен экономикалық. Қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттер үшін де миграциялық ағын маңызды рөл атқаруда.

Халықаралық көші-қон ұйымы 2020 жылы миграцияның маңызды үрдіс екенін және ол жаһандық деңгейде экономикалық, әлеуметтік, саяси және технологиялық өзгерістерге әсер ететінін атап көрсеткен болатын. 2020 жылдың өзінде мигранттардың саны 281 миллионды құрады, бұл әлем халқының 3,6%.

Еуропалық Одақ қалыптасқаннан кейін одаққа мүше ірі елдерге, соның ішінде Франция, Германия, Италияға келетін мигранттар саны көбейген. Бұл Еуропаның өз алдына даму деңгейін, экономикалық күшін көрсетеді. Адам құқығын басты принципі ретінде бірінші орынға қоятын Еуропалық Одақ үшін мигранттар мен босқындарды қабылдау өте маңызды. Дегенмен де, соңғы жылдары шамадан тыс мигранттар ағыны Одақ елдері мен аймақ үшін бірқатар мәселелер мен миграциялық дағдарыстың тууына алып келген-ді. Еуропалық Одақ құрылған сәттен бастап одаққа сырттан ғана емес мүше мемлекеттердің өз ішінде де көші-қон қарқынды дами бастады.